| <b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>         | <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу.</p> <p>Мнемокесте арқылы жаттату. Мағынасын түсіндіру. Қай кезде қолданатындарын сұрау.</p> <p><b>Ізгі сөздер:</b></p> <p>Жақсы сөз- жарым ырыс.</p> <p>Жалқаулық – ең жаман әдет.</p> <p><b>Мақал-мәтелдер үйрету:</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | <p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Көктем суретіндегі заттар атауын буынға бөлуді үйрету.</p> <p>Олардың қандай дыбыстан басталып тұрғанын сұрау.</p> <p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру,</p> <p>Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтату.</p> <p>Дәптерде нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың</p> | <p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>МЖБ</p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>МЖБ</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу.</p> <p>Мнемокесте арқылы жаттаған ізгі сөздер мен мақалдарын естеріне түсіру, айтқызу. Мағынасын түсіндіру</p> <p><b>Математика негіздері</b></p> <p>Заттарды топтастырғызу. «Бір»</p> | <p><b>Сауат ашу</b></p> <p>Назарын терезеге аудару. Не көріп тұрғандарын сұрау.</p> <p>Көктемнің белгілерін атап , сол сөздерді буынға бөлгізу. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру,</p> <p>буындардың саны мен ретін анықтату.</p> <p>Нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру.</p> | <p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Кешегі күні танысқан ұлттық жәдігерлер мен заттарды танып атау сөздерін буынға бөлгізуу. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру. Нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p>Сөйлеуде</p> |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Сіз деген әдеп, біз деген көмек.<br/>Өнерлінің қолы алтын, Өлеңшінің сөзі алтын.<br/><b>Дене шынықтыру</b><br/>МЖБ</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b><br/>Үй жануарлары туралы мультфильм тамашалату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау дағдысын қалыптастыру.<br/>Дидактикалық ойын «Үй жануарын тап» ғажайып қоржынға қолын салып, сипап сезу арқылы танып айтқызу.<br/><b>Қазақ тілі</b><br/>МЖБ</p> | <p>арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру<br/><b>Музыка</b><br/>МЖБ</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b><br/>Сурет бойынша әңгіме. Көктемнің суретінен не көріп тұр? Қыстың суретінде не көріп тұр.<br/>Айырмашылықтарын атату. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуді үйрету</p> <p><b>Математика негіздері</b><br/>Карточкалар арқылы көктем және қыс мезгілінде қолданылатын заттарды бөлгізу.</p> | <p>сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бірбөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> | <p><b>Математика негіздері</b><br/>Ғажайып сандықтан шыққан заттарды топтастыру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бірбөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету</p> <p><b>Музыка</b><br/>МЖБ</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b><br/>Суретті карточкаларды құрастыру. Сол бойынша өз ойларын айтқызу. Адам табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-</p> | <p>интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдануды үйрету: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуді үйрету<br/>Тақпақ жаттату. Көктем<br/>Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар.</p> <p>Түрлі-түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл-жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. <i>Б.Жақып</i></p> <p><b>Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру</b><br/>Наурыз айында наурыз мерекесіне арналған түрлі оюлармен безендірілген әшекей</p> |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|



|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  | <p>Оларды топтастырып жиын жасату. Қай заттан жиын шықпайтынын анықтату. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p>Тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> |  | <p>қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу дағдысын пысықтау.</p> | <p>заттар мен киімдерді көрсету. Оларды танып атауын атату. Топтарға бөлініп іс әрекеттер жасату.</p> <p>Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояту, Парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуды жетілдіру.</p> <p>Қазақ халқының зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), таныстыру, ермексаздан жасату.</p> <p>Қазақ халқының киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, қиып қағаз бетіне үйлестіріп жапсырту.</p> |
|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                  |
|--------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                             | <p>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіруді үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b><br/>МЖБ</p>       |
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.</p> <p>Балалардың ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау <b>(Қарым-қатынас және еңбек әрекеті, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b>.</p> <p>Серуенге шықанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</p> |                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                  |
| <b>Серуен</b>            | <p>Балабақша ауласындағы өзгерістерді бақылату. Көктемнің келе жатқанын неден байқауға болатынын анықтату.</p> <p><b>(танымдық іс-әрекет)</b></p> <p>Аула тазалаушысының еңбегін бағалау дағдысын дамыту</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | <p>Екі ақ табақты алып, біреуіне қар салып, екіншісіне ағын су құйып балаларға көрсету. Біраз уақыттан кейін табактардағы суға қарап, оларды салыстыру және олардың қайсысында қар болғанын</p> | <p>Табактарға қардың жаңбырдың және топтан алып шыққан тазасуды құйып балалардың өз бетінше зерттеу жасауына мүмкіндік беру</p> <p><b>(зерттеу және танымдық іс-әрекет)</b></p> <p>Көңілді музыкамен</p> | <p>Қар мен мұздың еруін байқату. Көктемгі табиғатты бақылату.</p> <p><b>(зерттеу және танымдық іс-әрекет)</b></p> <p><b>Қимылды ойын</b></p> <p>Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық</p> | <p>Қазақ халқының тұрмыста көктем мезгілінде қолданатын құрал жабдықтарымен таныстыру.</p> <p><b>(зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Қимылды ойын</p> <p>«Аюлар мен аралар»</p> |


|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                               |
|------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                        | <p><b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Ағын суларға заттарды жүздіртіп жарысу жағдайын жасау</p> <p>Еркін ойындар.</p> <p>Қимылды ойын «Қарлы шеңбер»</p>                                                                                                                                                                                                         | <p>анықтату (табақ түбіндегі қоқыстарды көрсету ). Қардың адам ішуге жарамсыз лас еріген су екеніне балалардың көзін жеткізу. Еріген су өсімдіктерді суару үшін қолданылады, оны жануарларға беруге болатынын түсіндіру. <b>(зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Балалармен жеке жұмыстар және әңгімелер жүргізу. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет)</b></p> <p>Бормен еркін тақырыпта сурет салу <b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар»</p> <p>Еркін ойындар</p> | <p>сергіту жаттығуларын жасату.</p> <p><b>(Музыка)</b></p> <p>Жұмбақтар жасыру және шешуді үйрету.</p> <p>Еш тесікке тұрмайды, Ол жоқта жер құрғайды.(Су)</p> <p>Қар астында қыстады, Ақпен бөркін тыстады. (Бәйшешек)</p> <p>Қимылды ойын «Қарлы шеңбер»</p> | <p>ойындарға қатысуға баулу</p> <p>«Мәреге кім бұрын жетеді?» жарыс ойынын ойнату</p> <p>Көктем тақпағын қайталап жаттату. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> | <p>Бормен еркін тақырыпта суреттер салғызу. <b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b></p> <p>Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> |
| <b>Серуеннен оралу</b> | <p>Жүйелі түрде шешіну, шкафтарға киімдерін бүктеп қояды, қолды жууды жетілдіру. Шешіну кезінде шкафқа колготки,сырт киімді ұқыпты салу дағдысын пысықтау. Балалардың достарынан көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. Сабын ыдысынан сабын алуға, ересектердің көмегімен қолды сабындауға үйрету. <b>(көркем әдебиет , дербес, еңбек әрекеті).</b></p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                               |

|                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|--------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <b>Түскі ас</b>                                  | <p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)</p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, тамақтану кезінде сөйлеспеу аяқтағанда алғыс айту) Тамақтан соң ас қайырту, бата беруді қалыптастыру.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b></p> <p>Тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.</p>                                                                                      |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                             | <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, қол орамалды пайдалану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды пысықтау. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b></p> <p>Тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. «Кәрі аяз бен жас аяз» ертегісін және кітаптардан басқа да ертегілер оқып беру <b>(көркем әдебиет)</b></p>                                                                                                                                                                                                           |
| <b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b> | <p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенді қимылдар)</p> <p>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.</p> <p>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.</p> <p>Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b></p> <p>Гигиеналық шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды жетілдіру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</b></p> |
| <b>Бесін ас</b>                                  | <p>Кезекшілердің жұмысын (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын орындауды жетілдіру.</p> <p>Таза және ұқыпты тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Асты тауысып жеуге үйрету. Тамақтан соң ас қайырту, бата беруді қалыптастыру.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |

|                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                              |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                          | <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                              |
| <b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b> | <p>Балаларды қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ермексазdan бәйшешек мүсінін жасату, суретін салғызу, қағаздан қиып алып жапсыру немесе өз бетінше әр түрлі заттарды пайдаланып ойдан құрастыруға баулу</p> <p><b>(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Терезеге қарап, көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы жеке әңгімелер жүргізу.</p> <p><b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> | <p>Ізгі сөздер мен мақалдарды балалармен жеке жұмыс жасау арқылы жаттату.</p> <p><b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық ұжымдық жұмыстар жүргізуге баулу.</p> <p><b>(Шығармашылық іс-әрекет)</b></p> | <p>Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша әңгіме айтуын жетілдіру.</p> <p><b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Көктем мезгілі туралы қалауы бойынша сурет салғызу, мүсін жасату немесе қағаздан қиып жапсыруына ерік беру.</p> <p><b>(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Өз өзіне көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстарын орындату.</p> <p><b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> | <p>Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру.</p> <p>Серуен кезіндегі бақылаудан кейін алған әсерлерін суретте бейнелеу; кылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету.</p> <p><b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>«Гүлдер таласы» ертегісін үстел үсті театры арқылы балалардың бір біріне айтып беруін ұйымдастыру.</p> <p><b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> | <p>«Көктемнің белгілері» тақырыбында композиция жасату.</p> <p><b>(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)</b></p> |

|                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                     |
|-----------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Балалармен жеке жұмыс | Ойыншықтың түрлері.<br><b>Мақсаты:</b> Балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстырып, ойыншықтартар әртүрлі болатынын айту.                                                                                                                                                         | <b>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:</b> Негізгі қимылдардың алғашқы жттығуларды үйрету<br><b>Дидактикалық ойын: «Ыдыстар»</b><br><b>Мақсаты:</b> Шапшаң қимылдап, ыдыстарды ажырата білу<br><b>Шарты:</b> Үстел үстіне түрлі ыдыстарды қойып, екі баланы шығарамын | <b>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:</b> Барлық сөз таптарын қолданады; қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға үйрену                                                                                                              | <b>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:</b> Айару тәулік бөліктерін – таңертең, күндіз, кеш, түнді танып білуге үйрету                                                                                    | <b>«Мақал мәтелдер»</b><br><b>Мақсаты:</b> Мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру                                         |
| Серуенге дайындық     | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                     |
| Серуен                | Көктемгі және қысқы ауа райының ерекшеліктерін бақылату. Көктеммен қыстың айырмашылығын зерттеуін ұйымдастыру.<br><b>(зерттеу іс-әрекеті)</b><br>Көктем туралы көңілді әндерді тыңдап, еркін би қимылдарын жасату.<br><b>(Музыка)</b><br>Қимылды ойын «Аюлар                     | Түске дейінгі серуенде алып шыққан сұйықтықтардың қатуын бақылату. Айырмашылықтарын анықтату. Және ертеңге дейін қалдырып, қандай өзгерістер болатынын зерттету.<br><b>(зерттеу іс-әрекеті)</b>                                                                | «Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру.<br><br>Көктемгі орманды лево құрастыру бөлшектері арқылы құрастыру, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу<br><b>(танымдық іс-әрекеті)</b> | Қимылды ойын «Қу түлкі»<br><br>Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»<br><br>Бақша ауласындағы ағаштарды бақылату. <b>(танымдық, еңбек іс-әрекет)</b><br><br>Қимылды ойын <b>Түйілген орамал.</b> | таңдауы бойынша ойындар ойнату<br>Қимылды ойын «Қармақ»<br>Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»<br><br>Қимылды ойын Сақина жасыру |

|                               |                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                             |  |  |
|-------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
|                               | мен аралар»<br>Еркін ойындар                                                                                                                                                                    | <b>Қимылды ойындар.</b><br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. «Арқан тарту» ойынын ойнату. | <b>Қимылды ойындар.</b><br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Қимылды ойын<br><b>Қыз –қуу</b> |  |  |
| <b>Балалардың үйге қайтуы</b> | Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұруын ескерту. Ата-аналарға баланың көктем мезгілі туралы не білетінін сұрауын ұсыну. Ертегі ойындарды үйде қайталауды ұсыну. |                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                             |  |  |

Утверждаю:   
 Мулдахова М.И.

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

### Наурыз айы 2023 жыл 2 апта

